

Табиғат тылсымдары

Алтын күнің аспаннан жарқырарда,
Күнгірт әуен көңілсіз айтылар ма?
Көрінісі бітпейтін қойнаудағы,
Табиғат тылсымдары сарқылар ма?
Асыл дала ақ көрпе жамылғанда,
Самал есер сайларын сағынғанда.
Адыр-адыр тастар мен жусанымен,
Жарасады құлпырып сайын дала.
Асқақтаған тауларың еңселеніп,
Өзен ағар тастақтан өршеленіп.
Дала жайнап, құлпырып гүлденеді,
Бәйшешек гүл бүр жарып берсе көрік.
Жайлауың жасыл шапан киген ерек,
Жалғыз соқпақ жатады ирелеңдеп.
Көз жіберсең, далаға осы сәтте,
Әкетеді әлдебір күйге бөлеп.
Шолпысындай қыздардың сыңғырласып,
Мөлдір бұлақ ағады қырды асып.
Құстарың шың биіктен ән салады,
Көлдерінде аққу-қаз қиқуласып.
Табиғаттың көрінісі қайнап іші,
Аң мен құстың мызғымас қорғанысы.
Адамзатпен табиғат арасында,
Үзілмейді өзіндік байланысы.